


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 502	▲ 0,32%	▲ 10,8%
NASDAQ	21 705	▲ 0,53%	▲ 12,6%
DJIA	45 637	▲ 0,16%	▲ 7,7%
CBOE Volatility Index (VIX)	14	▼ -2,83%	▼ -19,5%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	9 217	▼ -0,42%	▲ 11,6%
DAX	2 048	▼ -0,05%	▲ 20,0%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	24 999	▼ -0,81%	▲ 27,4%
Nikkei 225	42 800	▲ 0,66%	▲ 7,3%
Shanghai SE	3 844	▲ 1,14%	▲ 17,8%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	6 872	▲ 0,92%	▲ 21,0%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарықтары сауда-саттықты өсіммен аяқтады: S&P 500 0,32%-ға өсіп, \$6 501,86 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,53%-ға көтеріліп, \$21 705,16 құрады; DJI 0,16%-ға қымбаттап, \$45 636,90 болды. S&P 500-дің 11 секторының 6-ы сауда барысында төмендеді. Негізгі аутсайдерлер Consumer Staples (-1,2%), Utilities (-0,8%) және Health Care (-0,7%) секторлары болды. Ал көшбасшылар қатарында Energy (+1,1%), Information Technology (+1,0%) және Consumer Discretionary (+0,2%) секторлары аталды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	8 931 265 168 648	0,1%	3,8%	23,3%
Consumer Discretionary	6 403 940 247 011	0,2%	7,0%	21,9%
Consumer Staples	3 300 768 975 343	-1,2%	0,2%	-8,1%
Energy	1 618 862 050 001	1,1%	2,4%	0,5%
Financials	8 096 508 233 820	0,0%	3,0%	17,2%
Industrials	4 626 492 816 768	-0,2%	2,0%	18,4%
Information Technology	18 791 766 725 091	1,0%	1,5%	21,1%
Materials	1 042 030 883 928	0,0%	3,9%	-1,8%
Real Estate	1 062 051 621 299	-0,2%	2,5%	-5,2%
Utilities	1 170 004 802 844	-0,8%	-0,7%	14,5%
Health Care	5 125 505 985 954	-0,7%	4,8%	-7,7%

Бейсенбі күні Уолл-стритте өсім байқалды: инвесторлар технологиялық сектордың динамикасын жоғары бағалады, бірақ Nvidia-ның есептілігіне қатысты нарықтың аралас реакциясы сақталды. Сонымен қатар, ФРС-тің келесі айда мөлшерлемені төмендетуі мүмкін деген күтулер долларды негізгі және дамушы елдердің валюталарына қатысты әлсіретті.

Жасанды интеллектке арналған чиптердің ең ірі өндірушісі Nvidia акциялары сауда қорытындысы бойынша 0,8%-ға төмендеді. Компанияның сәрсенбі күні нарық жабылғаннан кейін жарияланған, күткеннен жоғары болған табыс болжамын американо-қытайлық сауда қақтығысына қатысты алаңдаушылық көлеңкелеп жіберді. Дегенмен, инвесторлар компанияның нәтижелерін оң қабылдады — тоқсандық табыс 56%-ға өсіп, жасанды интеллект технологияларына деген сұраныстың тұрақты әрі жоғары екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Нарық қатысушыларының жалпы көңіл-күйін АҚШ макроэкономикалық статистикасының қайта қаралуы нығайтты. Екінші тоқсандағы ЖІӨ жылдық көрсеткішпен 3,1%-дан 3,3%-ға жоғарылатылды, ал жеке тұтыну шығындарының инфляциясы 2,6%-дан 2,5%-ға төмендетілді. «Тұрақты өсім + қалыпты инфляция» үйлесімі «Златовласки» сценарийінің ықтималдығын күшейтіп, стагфляция қаупіне қатысты алаңдаушылықты азайтты.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	366	0%	33,8%
Банк ЦентрКредит	4 878	4%	112,8%
Kcell	3 338	0%	-1,2%
Казатомпром	24 088	0%	17,8%
КазТрансОйл	812	1%	-1,3%
KEGOK	1 439	0%	-5,4%
Kaspi.kz	50 100	0%	-8,6%
КазМунайГаз	20 082	1%	37,3%
Эйр Астана	745	1%	-34,8%


Саяси ахуал да назардан тыс қалған жоқ. Инвесторлар ФРС басшысы Лиза Куктың сот ісін жіті бақылауда. Ол АҚШ президенті Дональд Трамптың өзін қызметінен босатуға құқығы жоқ екенін айтып, сотқа жүгінді. Бұл процесс АҚШ орталық банкінің тәуелсіздігіне қатысты дәстүрлі қағидаларға күман тудыруы мүмкін.

Енді инвесторлардың назары жұма күні жарияланатын тұтынушылық шығындар деректеріне ауысып отыр. Инфляцияның жеделдеуі туралы кез келген белгі қыркүйектегі ФРС отырысында ақша-несие саясатын жұмсарту күтулерін әлсіретуі ықтимал. Әзірге нарық оптимизмін сақтап тұр: CME FedWatch деректері бойынша трейдерлер қыркүйек айында мөлшерлемені төмендету ықтималдығын 80%-дан жоғары бағалап отыр.

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	537,20	-0,16%	2,4%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,03	-0,07%	-21,2%
EUR/USD	1,1682	0,39%	13,8%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіізіз <https://t.me/centrassecurities>  
 Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.